

## ТҰРҒЫНДАР ҮШІН

**2023 жылғы 28 қарашадағы жағдай бойынша мемлекеттік органдардың ресми сайттарында және әлеуметтік желілерінде орналастыруға арналған ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі жөніндегі ақпарат**

Құрметті Қостанай облысының тұрғындары! 2021 жылғы 1 шілдеден бастап елімізде **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ** (бұдан әрі – **ӘРПК**) қолданысқа енгізілгенін хабарлаймыз.

**ӘРПК азаматтарға және заңды тұлғаларға** мемлекеттік органдармен (әкімшілік органдармен) дауларда көмек көрсетеді, сондай-ақ жоғары тұрған органға шағым берудің ерекше рәсімін көздейді (*ӘРПК-тің 91-бабының 4-тармағы*).

**ӘРПК-тің 91-бабының 1-тармағына сәйкес «Шағымдану тәртібі»:**

Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

Осы Кодексте көзделген жағдайларда **азаматтар және заңды тұлғалар** әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіні қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) **шағым жасауға құқылы**.

**ӘРПК-тің 91-бабының 4-тармағына сәйкес «Шағымдану тәртібі»:**

**Шағым әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға беріледі.**

Әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам **шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.**

Бұл ретте әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам, егер ол **үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.**

**Азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтық ақпаратты Call-орталық** (*Құқықтық ақпараттық қызмет*) арқылы **119 нөмірі бойынша** (*бүкіл Қазақстан бойынша стационарлық телефондардан*), сондай-ақ «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінің сайтындағы **«Виртуалды консультант»** айдары (<http://adilet.zan.kz/rus>) арқылы ала алады.

Сонымен қатар, ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Бағдарламалар кеңсесінің және Фридрих Эберт Қорының (*FES*) Қазақстандағы өкілдігінің қолдауымен Әділет министрлігінің қатысуымен **«ӘРПК күрделі туралы қарапайым сөздермен»** арнайы брошюра әзірленді.